

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЖАСТАР НЕГЕ ЕСЕЙМЕЙДІ?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Өнімдерімізді халықаралық нарыққа көптеп шығаруымыз керек. Еліміз астық экспорты бойынша әлемдегі жетекші 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Сонымен қатар ұн экспорттау ісінде көш бастап тұр. Қазақстан астығы Орталық Азия, Иран, Ауғанстан елдері секілді дәстүрлі нарықтармен қатар Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Солтүстік Африкаға, атап айтқанда, Бельгия, Португалия, Норвегия, Ұлыбритания, Вьетнам, Марокко, Алжир мемлекеттеріне де жеткізіле бастады. Бұл біздің астық экспорты географиясының кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

№136
(4880)
Сейсенбі
18 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

«БАЛҚАШ» ДЕП АТАЛАДЫ

Еліміздегі алғашқы АЭС «Балқаш» деп аталатын болды. АЭС атауына қатысты байқау 25 қыркүйектен 10 қазанға дейін өтті, оған 27000-нан астам өтінім түскен. Байқау комиссиясы 100-ден аса атауды талқылаған.



882 адам Балқаш деген атауды қолдап, соның нәтижесінде танымалдығы басым көлдің атауы таңдалды. Ол қазақша – Балқаш, орысша – Балхаш, ағылшынша – Balkhash. Қазақстандағы алғашқы АЭС-ті «Росатом» салады. Ол Алматы облысындағы Үлкен кентінің маңынан бой көтереді. Екінші атом станциясы да сол маңнан салынбақ.

ӘЛЕМДІ МЕЙІРІМ ҚҰТҚАРАДЫ

Сарыарқа ауданының ерікті зейнеткерлері ізгілік шарасын өткізді. Олар 17 қараша – Халықаралық шала туған балалар күніне орай «Ана мен бала» орталығына барып, мерзімінен бұрын туған балаларға тамаша тарту жасады.



Қайырымдылық іске дайындалып, табиғи жүннен сәбилерге арналған бұйымдар – шұлық, бас киім, пинетка және шағын пледтер тоқыпты. Барлық бұйым қолмен жасалып, әрқайсысына жүрек жылуы мен шексіз мейірім сіңірілген. Қазақ ұғымында жүн – саулық пен берекенің, қорғаныс пен жылулықтың нышаны. Кішкентай ғана мейірім жүректерге жылу сыйлады.

ҚАР КҮРЕУ ҚАРҚЫНДЫ

Елорданың коммуналдық қызметтері қыс басталғалы бері тәулік бойы күшейтілген тәртіппен жұмыс істеп келеді. Күн сайын қала көшелерінен ондаған жүк көлігімен қар шығарылуда. Осы күндері елордадан 33 рейспен арнайы полигондарға 402 текше метр қар шығарылды.



17 қараша таңертеңгі уақытта қар тазалау жұмысына 3 мыңға жуық жол жұмысшысы мен 803 арнайы техника жұмылдырылды. Коммуналдық қызметтер көше мен тротуарларды тұрғындардың қауіпсіз жүріп-тұруы үшін техникалық тұзбен өңдеуге ерекше назар аударады. Қыс басталғалы бері Астанадан 294 мың текше метрден астам қар шығарылды, бұл 297316 ауыр жүк көлігінің рейсіне тең. Алдымен негізгі магистралдық көшелер мен қоғамдық көлік бағыттары тазартылады. Одан кейін қозғалыс қарқыны орташа учаскелерде – аулаларда, алаңдарда, тротуарлар мен аялдамаларда қар күреу жұмысы жүргізіледі.



АҚЫЛДЫ РОБОТ

Астана қаласындағы Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейдің 7-сынып оқушысы Шахназар Камалов бір минут ішінде «Кубик Рубикті» толықтай автоматты түрде жинай алатын ақылды робот жобасын көпшілікке таныстырды. Жоба LEGO Mindstorms EV3 конструкторы негізінде құрастырылған.

Роботтың басты міндеті – күрделі логикалық тапсырма ретінде танылған Кубик Рубикті жылдам әрі дәл жинау. Арнайы сенсорлар кубиктің әр қырын сканерлеп, түстерді анықтайды. Алынған ақпаратты талдау нәтижесінде робот ең тиімді алгоритмді таңдап, жинау процесін орындап шығады. Бағдарламалау EV3 Classroom платформасында Python тілінде жүзеге асырылған.

Синоптик-мамандар биыл қыс біршама жылы болатынын болжап отыр. Еліміздің басым бөлігінде қыс біршама жылы, қар мөлшері климаттық норма көлемінде түседі. Кейбір кездерде боранмен, екпінді желмен, көктайғақпен, тұманмен қатар жүретін мол жауын-шашын түсіп қалуы мүмкін дейді олар. Әсіресе жиі еритін және қайта суытатын «температура тербелістері» байқалады. Желтоқсан айында ауа райы жылы, қар бұрынғы мөлшерде жауады. Қаңтар айында ауа температурасы елдің басым бөлігінде нормадан аспайды, ал шығыста нормадан 1 градус төмен болмақ. Қар мөлшері орташа, ал оңтүстік пен оңтүстік-шығыстың тау және тау бөктерлі аймақтарында нормадан көп жаумақ. Ақпан және наурыз айлары жылы болады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 606.42 $ USD/KZT 522.19 ₽ RUB/KZT 6.47 ¥ CNY/KZT 73.56

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№136 (4880) 18/11/2025 Сейсенбі





ЕКІЖАҚТЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚҚА СЕРПІН БЕРЕТІН САПАР

Кеше Астанаға Эстония Президенті Алар Карис мемлекеттік сапармен келді. Ақордада мемлекеттер басшылары жоғары деңгейде келіссөз жүргізіп, екіжақты ынтымақтастық келешегін талқылады. Алдымен Ақордада Эстония Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Тараптар бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Бұдан кейін екі елдің әнұрандары шырқалды.

Одан кейін Қазақстан мен Эстония президенттері келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Эстония еліміздің стратегиялық серіктесі екенін атап айтты.

«Президент мырза, Сізді елімізде мемлекеттік сапармен қарсы алғанына қуаныштымын. Эстония – Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі. Біз эстон халқының тарихына, дәстүріне және мәдениетіне құрметпен қараймыз. Екі елдің қарым-қатынасы қарқынды дамып келеді. Мемлекеттеріміз арасында түйткілді мәселе жоқ. Дегенмен өзара ынтымақтастығымыздың әлеуеті зор. Оны ілгерілете беруіміз керек. Сіздің бұл сапарыңыз екіжақты ықпалдастығымыз бен достық байланыстарымызға тың серпін береді деп сенемін. Сауда саласында түрлі кедергілер бар екенін білеміз. Бірақ бұл бағыттағы бірлескен жұмыс алға жылжып келеді. Қазақстан Эстонияның теңіз порттарын пайдалануға, сауда-саттық көлемін арттыруға ниетті. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі және басқа да құрылымдар шеңберіндегі сындарлы ықпалдастықты өрістетуге мүдделіміз. Осы сапардың нәтижесінде мәдени байланыстарымыз да өркендей түседі деп үміттенемін» деді Қазақстан Президенті.

Ал Эстония Президенті Алар Карис екі ел ынтымақтастығының келешегі жарқын боларына сенім білдірді.

«Біздің қарым-қатынасымыз өте жақсы деңгейде. Әлбетте, кейбір кедергілер бар, бірақ оны еңсеруге болады. Кейде біз түйткілдердің оңай шешілетінін аңғара бермейміз. Бизнес өкілдері қазірдің өзінде іскерлік қатынастар мәселесін талқылап жатыр. Бірнеше кездесу жоспарланған. Өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылмақ, бірқатар бастамаларды іске асыратын боламыз. Сондықтан келешегіміз жарқын екеніне сенімдімін. Жаңа байланыстарымыз өзара ынтымақтастығымызды нығайтуға көмектеседі деп үміттенемін. Әрине, әлемдегі геосаяси ахуал тұрақсыз болып тұр. Дегенмен барлық проблеманы бірлесіп шешуіміз керек. Сіз БҰҰ туралы айттыңыз. Бұл – өте маңызды ұйым. Әлемде қақтығыстар мен соғыстар мейлінше аз болуы үшін ұйымға біршама реформа жасау қажет» деді Алар Карис.

ЕО-дағы МАҢЫЗДЫ ӘРІПТЕСІМІЗ

Қазақстан Эстонияны Балтық өңіріндегі, сондай-ақ жалпы Еуропалық Одақтағы өте маңызды әріптес ретінде қарастырады. Бұл туралы Ақордада елімізге мемлекеттік сапармен келген Эстония Президенті Алар Карispен кеңейтілген құрамдағы келіссөз барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеді.

«Қазақстан Эстонияны Балтық өңіріндегі, сондай-ақ жалпы Еуропалық Одақтағы өте маңызды әріптес ретінде қарастырады. Шынымен де, инновациялық және өркендеген мемлекет құру жолындағы Эстонияның заманауи жетістіктері айтарлықтай әсерлі және аса маңызды. Эстония цифрлық басқаруда көшбасшы әрі цифрлық мемлекет, цифрлық үкімет, цифрлық қоғам, ашықтық, транспаренттік, тиімділік пен азаматтардың жалпы қатысуын қалыптастырудың жарқын әрі табысты үлгісі саналады. Біз Эстонияның заң үстемдігіне, білім беруді дамытуға және тұрақты дамуға деген тұрақты бейілділігін де жоғары бағалаймыз. Қарқынды дамып келе жатқан халықтарымыз еуропалық аренада елеулі дауысқа ие және бейбітшілікті, инновацияларды әрі жалпы адамзаттың ұжымдық ілгерілеуін дамытуға адал» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Эстония барлық қызмет саласында берік әріптестік орнатқанын, дамуы да өте жақсы екенін айтты.

«Біз ашық әрі нәтижелі саяси диалогты, сондай-ақ өзара түсіністік нығайтуда маңызды рөл атқаратын парламенттік топтарымыз арасындағы тығыз байланыстарды күтеміз. Сондай-ақ Эстония тарапының Қазақстанның реформалар күн тәртібіне тұрақты қолдау көрсетуін бағалаймыз әрі халықаралық ұйымдарда сындарлы ынтымақтастықты жалғастыра береміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЭСТОН КОМПАНИЯЛАРЫН ҚОЛДАЙДЫ

Елордада Қазақстан-Эстония бизнес-форумы өтеді. Бұл туралы Ақордада елімізге мемлекеттік сапармен келген Эстония Президенті Алар Карispен кеңейтілген құрамдағы келіссөз барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлім етті.

«Экономикалық ынтымақтастық – серіктестігіміздің негізгі бағыттарының бірі. Сауда айналымымыздың аздаған төмендеуіне қарамастан біз үмітпен қарап, сауда-экономикалық көрсеткіштерімізді екі есеге арттыруды және экономикалық қатынасымызды нығайтуды күтеміз. Бүгінде 80-нен астам эстон компаниясы Қазақстанда, әсіресе, логистика, пошта қызметтері және самокат көлігін жалға беру салаларында табысты жұмыс істеп жатыр. Сіздің делегацияңызда бизнес өкілдіктерінің болуы елімізбен әріптестікке деген терең қызығушылықты көрсетеді. Ал біз өз тарапымыздан компанияларыңызға қолдау көрсетуге дайынбыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан-Эстония бизнес-форумы ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа серіктестікке жол ашады деп үміттенетінін айтты.

«Бизнес-форум аясында ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылауды жоспарлап отырмыз. Қазақстан эстон инвесторларына цифрлық инновациялар, көлік, логистика, энергетика, сирек минералдар, ілгері өндіріс, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға инвестиция салу үшін ашық, болжамды және қолайлы жағдайлар ұсынуға дайын» деді Президент.

ҚАРЖЫ ЫСЫРАБЫНА – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУ

Премьер-министр Олжас Бектенов әлеуметтік қолдау жүйесін және жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде жекеменшік мектептер қызметін реттеудің жаңа тетігін жетілдіру бойынша кеңес өткізді. Мемлекет басшысының цифрландыру арқылы бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы қаралды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Бірыңғай цифрлық платформаны (БЦП) енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларындағы 16 ұйым цифрландырылды. Биылғы шілде айынан бастап 9 мыңнан астам ұйымның штаттық кестелері декларациядан өтті, бұл жұмыс жыл соңына дейін аяқталады.

Цифрландыру әлеуметтік салада бірқатар «сұр схемаларды» анықтауға мүмкіндік берді. Нақтырақ айтсақ, 40 мыңға жуық азаматқа ресми еңбек шарттары болмаса да, зейнетақы жарналары аударылғаны белгілі болды. Қызметкерлер ресми түрде бір аймақтағы мектеп штатында болғанмен, басқа облыстардағы ұйымдарда да еңбек шартына отырып, зейнетақы жарналарын аударған жағдайлар анықталған. Барлық анықталған дерек бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы тиісті тексеру жұмыстарын жүргізуде.

Сондай-ақ кадрлық процестерді автоматтандыру нәтижесінде 9,6 мың мектептің штат кестесінен тізілімге енгізілмеген, бірақ ұйым басшылары өз бетінше қосқан 75 лауазым анықталды. Мәселен, олардың арасында директордың мектепке қабылдау жөніндегі орынбасары, атқарушы директор сияқты тағы да басқа лауазымдар бар. Осыған байланысты тізілімді бірыңғай стандартқа келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Светлана Жақыпова БЦП-ны адам игілігіне бағыттау тұжырымдамасын ұсынды. Бүгінгі таңда бұл мәліметтер базасымен 4,5 млн адам қамтылған. Мәселен, отбасын қаржыландыру жоспары арқылы әлеуметтік міндеттемелерді болжау ұсынылып отыр, онда АӘК және басқа да жәрдемақылардан бастап мектепке дейінгі оқытуды субсидиялауға, тегін спорт секцияларын ұйымдастыруға дейінгі әлеуметтік қолдау шараларының барлығы кешенді түрде көрсетіледі. Бұл азаматтарды әлеуметтік қорғаудың жалпы сипатын көруге мүмкіндік береді.



Еңбек министрлігінің мәліметінше, 2024 жылы автоматтандыру және әлеуметтік алаяқтыққа қарсы күрес, оның ішінде «өлі жандарды» жою жұмыстары аясында мемлекеттік бюджетке 299 млрд теңге қайтарылған. Алдағы үш жылда субсидиялау бағдарламасын цифрландыру және өзге де шаралар бюджет қаражатының 135 млрд теңгесін оңтайландыруға әкеледі деп күтілуде.

Жиында білім беру саласын қаржыландыруға қатысты мәселелер қаралды. Жекеменшік мектептерді қаржыландырудың жаңа тетіктерін енгізуге назар аударылды. Бұған дейін Премьер-министрдің тапсырмасымен мемлекеттік білім беру тапсырысының қаражатын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында «Қаржы орталығы» АҚ Оқу-ағарту министрлігінен Қаржы министрлігінің қарамағына берілген болатын. Қаржы министрі Мәди Такиев осы саладағы ашықтықты қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Биыл қараша айында e-Qazyna.kz веб-порталында OrtaBilim ақпараттық қызметі іске қосылды. Жүйе білім алушылардың саны мен контингентін, рұқсат құжаттарының болуын және басқа да автоматты тексеру арқылы деректердің дұрыстығын бақылауды күшейтуге бағытталған. Қаржы министрлігі мемлекеттік тапсырыс алатын жекеменшік мектептерді қаржыландыруда өрескел заң бұзушылықтарды анықтады. Атап айтқанда, 745 мекеменің 155-і алған кірісін көрсетпеген. Цифрландырылған 427 мектептің шамамен 30%-ы өз қызмет түрі бойынша бекітілген мақсаттарына сай емес. Мәселен, Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы мектептердің бірі – тойхана ретінде, Шымкентте – сауда орталығы және тағы басқа деп көрсетілген. 64 мектепте білім алушылар контингенті жобалық қуатынан 2 есе артық. Мысалы, Алматы облысында орналасқан жобалық қуаты 60 адамға есептелген жекеменшік мектептердің біріне іс жүзінде 702 оқушы қабылданған. Бұл жерде азаматтарға білім беру қызметтерін ұсынған болып мемлекет қаражатын мақсатсыз жұмсайтындар туралы сөз болып отыр. Астана қаласындағы 241 оқушыға арналған жекеменшік мектептің құжаттарында 1003 адам көрсетілген. Сонымен қатар жекеменшік мектептерде жалған мұғалімдер мен қосарланған қаржыландыру фактілері анықталды.

Жаңа сервис білім беру саласындағы барлық ақпараттық жүйелерді біріктіреді. Алдағы уақытта осы сервиске білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландырудың барлық түрін қосу жоспарлануда. Олар – мемлекеттік тапсырыстар, гранттар, стипендиялар және жатақхана орындарымен қамтамасыз ету жұмыстары.

№136 (4880) 18/11/2025 Сейсенбі



«ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ-2025»

Жыл сайынғы «Жастар жалыны-2025» шығармашылық-спорттық фестивалі елорданың талантты да белсенді жастарын біріктіретін маңызды шараға айналды.

15-16 қараша аралығында қатысушылар өз шеберлігі мен шығармашылық қабілетін мына 10 бағыт бойынша көрсетті: эстрадалық вокал, ұлттық би, қазіргі заманғы би, ұлттық аспаптар, театрландырылған композиция (қойылым), футбол, волейбол, шахмат, үстел теннисі, мобилография.

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының өкілі Әлібек Жүсіпов «Жастар жалыны» фестивалі жастардың өнері мен спорттағы жетістіктерін паш ететін, олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және достық пен ынтымақты нығайтуға бағытталған алаң болып отырғанын айтады.

– Халықаралық студенттер күні қарсаңында елордамызда жыл сайын өтетін «Жастар жалыны-2025» спорттық-шығармашылық фестивалі шымылдығын ашты. Қазіргі таңда Астанада 100 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Әкімдік тарапынан оларға жағдай жасалып отыр. Бүгінгі фестиваль – соның бір дәлелі. «Жастар жалыны» – бұл тек өнер мен спорттың мерекесі ғана емес, ізденіс пен достықтың алаңы. Фестивальдің атауына лайық олар жалынды энергияларын көрсетіп жатыр. Жастарымызға денсаулық, амандық, шабыт және сәттілік тілейміз! – деді ол.

Астана халықаралық университетінің 4-курс студенті Динара Мәжитова «Жастар жалыны» фестиваліне төртінші рет қатысып жатыр. Айтуынша, ерекше әсер мен шалқар шабыт алған.

– Биыл төртінші жыл қатарынан қатысып жатырмын. Бұл жердегі атмосфера, көңіл күй бөлек. Мен «Заманауи би өнері» номинациясында құрбыларыммен бірге өнер көрсетемін. Үш қыз би билейміз. Мамандығым – аударма ісі. Осы ретте мамандығымның шығармашылыққа еш қатысы болмаса да, байқауға қатысуға мүмкіндік берген ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін, – деді ол.

ТЕРМИНОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бас қалада Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті мен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Терминография: теория, практика және даму бағыттары» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.



Офлайн және онлайн форматта өткен жиынға еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының оқытушылары, тіл мамандары, мемлекеттік орган өкілдері мен салалық сарапшылар қатысты.

Конференцияға Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов төрағалық етіп, терминология саласының ұлттық ғылымдағы және цифрлық трансформация жағдайындағы рөліне тоқталды. Ол тіл саясаты мен терминологиялық жұмыстың өзара байланысын күшейту, цифрлық дереккорларды дамыту және салалық терминдерді біріздендірудің маңызын атап өтті.

Жиналыста бірқатар ғылыми баяндама ұсынылып, қазіргі терминографияның бағыттары жан-жақты талқыланды. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушысы, PhD Рима Әбдуәлиева математикалық терминдер жүйесін жасауда нейрондық жүйелерді қолдану мәселелерін көтеріп, жасанды интеллекттің терминжасамға енгізілуі саланы жаңа деңгейге шығаратынын атап өтті. Астана қаласы №16 мектептің мұғалімі, PhD Ақжібек Ахмет цифрлық кеңістікте қалыптасып жатқан будан терминдер туралы зерттеуін ұсынып, жаңа терминдердің жасалу табиғаты мен олардың тілдік жүйеге әсерін талдады. «Muqaba» баспасының директоры Арман Әлменбет баспа ісіндегі термин жасаудың ерекшеліктерін «Комментатор сөздігі» мысалында түсіндіріп, тәжірибелік тұрғыдан терминографияның маңызын көрсетті. Жиын соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, саланың даму бағыттарын айқындауға арналған бірқатар ұсыныс қабылдады.

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында елорданың Алматы ауданында насыбай, снюс және басқа да шегілмейтін темекі өнімдерінің заңсыз сатылуын анықтау бойынша кезекті рейд іс-шаралары өтті. Мониторинг тобының құрамына аудандық әкімдік өкілдері мен Полиция басқармасының қызметкерлері енді. Олар сауда орындарын тыйым салынған өнімдерді сату фактісі бойынша тексерді.

ЗАҢСЫЗ САТЫЛЫМҒА ЖОЛ ЖОҚ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Ауданның екі дүкенінде насыбай мен снюс сату фактілері анықталды. Тексеру нәтижесінде сатушылар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Барлығы 61 дана тыйым салынған өнім тәркіленді.

«Бұл іс-шаралар «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында тұрақты түрде жүргізіледі. Жұмыстың мақсаты тек қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету емес, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын қорғау және жастарды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады» деп атап өтті Алматы ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі басшысы Айдын Айдынұлы.

Жыл басынан бері Алматы ауданында шегілмейтін темекі өнімдерінің заңсыз саудасын анықтау бойынша 14 рейд өтті. Осы уақыт ішінде мониторинг тобы насыбай мен снюс сатылған 45 азық-түлік дүкенін анықтады. Жалпы саны 1201 дана тыйым салынған өнім тәркіленді. Осындай профилактикалық шаралар қаланың барлық ауданында темекі өнімдерінің заңсыз саудасының алдын алу және жол бермеу мақсатында тұрақты түрде жалғасады.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА САҚТЫҚ МАҢЫЗДЫ

Суық мезгіл басталысымен жеке тұрғын үйлерде де, көпқабатты үйлерде де өрт шығу қаупі артады. Оның басты себептері – электр желілерінің шамадан тыс жүктелуі, ақаулы немесе қолдан жасалған жылытқыш құралдарды пайдалану, пештер мен каминдердің дұрыс қолданылмауы, сондай-ақ тұрғындардың немқұрайлылығы.

Жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – өмірлік маңызы бар қажеттілік. Сондықтан жеке тұрғын үйлерде пештер мен каминдерді алдын ала тексертіп, түтін мұржаларын күйеден тазартып, ақаулардың жоғына көз жеткізу қажет. Пештерді қараусыз жағуға немесе жанғыш сұйықтықтармен тұтатуға қатаң тыйым салынады. Пештің маңында жанғыш заттар – жиһаз, кілем, отын секілді заттар болмауы керек. Пештің алдындағы еденге міндетті түрде темір табақ қойылуы тиіс, бұл ұшқын немесе шоқ түскен жағдайда өрттің алдын алуға көмектеседі.

Көпқабатты үйлерде басты қауіп – электр жылытқыштарын дұрыс пайдаланбау. Бірнеше қуатты құралды бір розеткаға қосуға болмайды. Бұл электр желісінің қызып, қысқа тұйықталуына әкелуі мүмкін. Ақауы бар немесе қолдан жасалған жылытқыштарды, сондай-ақ оларды перде мен жиһаздың жанына қоюға және түнде қараусыз қосып қоюға болмайды. Сонымен қатар баспалдақ алаңдары мен эвакуациялық шығу жолдарын заттармен бітеп тастауға болмайды. Өрт кезінде бұл жолдардың ашық болуы адамдардың өмірін сақтап қалуға септігін тигізеді.

Үй түріне қарамастан, барлық тұрғын қарапайым қауіпсіздік ережелерін есте ұстауы тиіс: төсекте шылым шекпеу, ашық отты қараусыз қалдырмау, электр желісінің жағдайын үнемі қадағалау және үйде жарамды өрт сөндіргіштің болуы. Балаларға отпен ойнаудың қауіпті екенін түсіндіру және төтенше жағдайда не істеу керектігін үйрету қажет.

Өрт шыққан жағдайда шұғыл түрде ғимараттан шығып, 101 немесе 112 нөміріне хабарласып, егер мүмкін болса, өрттің шағын ошағын сөндіруге әрекет жасау керек.

Есіңізде болсын: өртті сөндіргеннен гөрі, алдын алған әлдеқайда оңай. Қарапайым, бірақ маңызды қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы сіз өз өміріңізді, жақындарыңызды және мүлкіңізді сақтап қала аласыз.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД
Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты

ҮЗДІК ФЛОРИСТЕР ЖАРЫСТЫ

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығы Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Сервис және туризм колледжінде «Үздік флорист-2025» байқауы өтті.

Жас флористер нағыз өнер туындысына айналатын ерекше гүл композицияларын жасады. Бірі классикалық стильде нәзік гүл шоқтарын түйсе, енді бірі табиғи элементтерді ұтымды қолдана отырып, креативті арт-объектілер жасады. Кейбір жұмыстар тіпті гүлге жан біткендей әсер қалдырып, шеберлер өз қиял кеңістігінің шексіз екенін көрсетті. Ал мың бояулы гүлдерден өрнек тоқып, түйін түйген студенттердің шығармашылық жұмысын тәжірибелі флористер мен білікті ұстаздар бағалады.

Ұйымдастырушылар шараның басты мақсаты шығармашылық адамдарына еркіндік сыйлап қана қоймай, олардың жұмысын насихаттау екенін атап өтті.

– Бұл байқау – қолданбалы бағыттағы мамандардың беделін арттыруға және олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған іс-шаралар сериясының жалғасы. Біз Жұмысшы мамандықтар жылына орай түрлі сала бойынша конкурстар ұйымдастырдық. Олардың барлығы аяқталғаннан кейін жыл соңына қарай жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттаймыз. Әрі Жұмысшы мамандықтар жылын дәріптеу мақсатында жстар арасында осындай іс шаралардың ұйымдастырылуы – оларға деген құрмет және олардың еңбегін бағалау, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы жастармен тәрбие жұмысы және құқық бұзушылықтың алдын алу бөлімінің басшысы Арайлым Сапарәлі.





ЗАҒИП ЖАНДАР СПОРТЫНА ҚОЛДАУ КЕРЕК

Біз әлемді тек көзімізбен көреміз деп ойлаймыз. Бірақ жарықты жүрегімен сезіп, үмітін көкірек көзінен табатын адамдар бар. Олар мүмкіндігі шектеулі болса да, өмірге шексіз құштар. Солардың бірі – «Showdown» соқырлар үстел теннисі федерациясының президенті Жүзбай СЕРІК мырзамен саладағы мәселелер туралы әңгімелескен едік.

– Жүзбай аға, мүмкіндігі шектеулі жандарға театр, вокалдық үйірмелер, спорт түрлеріне баулитын мүмкіндік жасап беріп жүрген қоғамның белсенді азаматтарының бірісіз. Алдымен зағип жандармен жұмыс істеуді қалай бастадыңыз?

– Бұл істі бір сәттік шешіммен бастаған жоқпын. Өзім де көру қабілетімнен айырылған соң, қоғамның бізге деген көзқарасын сезіндім. Бірі аяйды, бірі елемейді. Мен өзімді аяп отыратын уақыттың өткенін түсіндім. Өмір – күрес. Егер сен өз жолыңды таба білсең, кез келген шектеу тек сынақ қана. Қоғам оларды әлсіз деп санайды. Шын мәнінде, олардың рухы біршама азаматтармен салыстырғанда биік. Көзбен көру бір басқа, ал көңілмен көру мүлде бөлек. Көңіл көзі ашық адам ешқашан адаспайды. Өйткені ол жарықты сыртқы ортадан емес, ішкі «менінен» іздейді. Мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамнан шектетіп тастай алмаймыз. Біз де осы елдің азаматымыз, осы қоғамның бір бөлшегіміз. Көзі жарықты көрмесе де өмірге құштар мүгедектер қаншама. «Көзіміз соқыр болса да, көкірегіміз ояу болсын» деген ұранмен өмір сүріп, қоғамға қызмет етуге тырысамыз. Бүгінгі таңда әлемде 285 миллион адамның көзі көрмейді, ал елімізде 80 мыңға жуық зағип жан бар. Егер олардың бәрін «еңбекке жарамсыз» деп ысырып тастасақ не қалады? Сондықтан біз бәріміз өз шамамыз келгенше елге қызмет етуге міндеттіміз. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдағы орны мүсіркеудің емес, құрметтің нысаны болуы керек. Олар – өмірдің ауыр сынынан сүрінбей өтіп, әр күнін күреске айналдырған азаматтар.

– Showdown спортын еліміз-ге әкелудегі түпкі мақсат қандай болды?

– Мен өзім спортты бала кезден жақсы көремін. Көзімнің көру қабілеті төмендегеннен кейін де спортқа деген ынтам сөнген жоқ. Әсіресе үстел теннисі маған ерекше әсер ететін. Шапшаңдыққа, дәлдікке, ой жүйріктігіне және айла-тәсілдерге жүгініп ойнайсың. Бірақ зағиптарға арналған нұсқасы Астана қаласын қоса алғанда еліміздің бірнеше өңірінде жоқ еді. Бұл – қабілетінен айырылған жандарға таптырмас ойын. Сол уақытта шетел тәжірибесін зерттей келе, Showdown атты ерекше ойын түрін таптым. Бұл – зағип жандарға арналған үстел теннисі. Көзбен емес, құлақ арқылы естіп, реакция мен түйсіктің сезу қабілетіне сүйеніп ойналады. Доп үстелдің үстімен сырғанап, өзіне тән дыбыс шығарады. Ойыншылар сол дыбысқа қарап, қай бағытқа соғу керегін анықтайды. Showdown жай ғана ойын емес. Бұл – спорт зағип жандардың есту, ойлау, логикалық қабілетін дамытуға бағытталған ерекше жаттығу. Көз көрмеген соң адамның есту қабілеті күшейеді. Сол артықшылықты біз спортта дамытамыз. Showdown адамның бойына өзіне деген сенім ұялатады. Өйткені бұл спортта жеңіс тек физикалық күшке емес, жүректің батылдығына байланысты. Қазіргі күні федерациямыздың құрамында 400-ге жуық спортшы бар.

– Федерацияның қазіргі хал-ахуалы қалай?

– Қиындықсыз іс болмайды. Қазір біз дайындалатын құрылымдар тым ескі. Мемлекеттік талаптарға сай келмейтін құрал-жабдықтар бар. Showdown спортына әкімшіліктен 200 шаршы метр кеңсе берілді, бірақ қаржы тапшылығынан жөндеу жұмыстары тоқтап тұр. Алда Кореяда өтетін халықаралық сайысқа дайындық үстіндеміз. Алайда жаттығу жасайтын жағдай шектеулі. Көмек сұрасақ, қол ұшын созатындар аз. Әсіресе демеушілер мен кәсіпкерлер тарапынан қолдау қажет. Бұл жолы Кореяға Showdown жарысына барамыз. Мұндай деңгейдегі дода Орталық Азияда алғаш рет өтеді. Біздің құрамда төрт спортшы мен екі жаттықтырушы бар. Бұған дейін Швейцарияда өткен жарысқа да қатыстық. Ол біздің алғашқы халықаралық тәжірибеміз болды. 40 спортшының арасынан орта қатардан көріндік. Бұл – тек бастамасы. Бізге ең бастысы, тәжірибе мен тұрақты дайындық керек.

– Федерацияға мемлекет тарапынан қандай да бір қолдау бар ма?

– Шындығын айтқанда, қолдау бар деп толық айта алмаймыз. Көп жағдайда біз өз күшімізбен әрекет етеміз. Кішкентай бастама үлкен іске айналуы үшін ең алдымен сенім керек. Ал ол сенім бізге әлі де жетіспейді. Мемлекет назар аударып, осындай жобаларға тұрақты қолдау көрсетсе тек бір ұйымның емес, мыңдаған зағип жанның үміт отын жаққан болар еді. Өйткені біз тек спортпен айналысып жүрген жоқпыз, біз өмірге деген сенімді күшейтіп, қоғамға үлгі болуға тырысамыз. Қолдау болса, біз одан да көп жетістікке жетеміз. Тек материалдық емес, моральдық қолдау да маңызды. Бізге «сендерге сенеміз» деген бір ауыз жылы сөздің өзі күш береді.

Федерация өз күшімен өмір сүріп келеді. Кейде волонтерлер мен достар көмектеседі, бірақ тұрақты қаржы көзі жоқ. Showdown-ды дамыту үшін арнайы үстел, арнайы доп, қорғау көзілдірігі және дыбыс сүзгісі бар залдар керек. Дегенмен мемлекет тарапынан параспорт бағытына көңіл бөлініп жатқаны қуантады. Бірақ Showdown әлі тізімге енбей отыр. Біздің спортты параспорт қатарына қосып, қолдайтын болса, әлемдік деңгейдегі додаларда өзге елдегі өзіміз секілді мүмкіндігі шектеулі спортшылармен бәсекелесе алатынымызға сенімдімін. Дайындалатын кеңсеміз толық аяқталып, құрал-жабдықтарымыз түгенделсе, көк туымызды көкке көтеретін спортшылар да, өмірге құлшынысы артқан зағиптардың да саны артатын еді. Бізге аяушылықтың керегі жоқ. Бізге мүмкіндік керек. Кейде көздері көріп тұрып, көкірегі соқыр адамдарды кездестіргенде қиналасың. Өйткені шын мүгедектік – тәнде емес, санада.

Қазір елімізде зағип жандарға жағдай жасау бағытында белгілі бір жұмыстар атқарылып жатыр. Арнайы оқу орталықтары, Брайль әліпбиімен жазылған кітаптар, дыбыстық бағдаршамдар орнатылуда. Бірақ бұл әлі де жеткіліксіз. Қоғамда мейірім мен түсіністік болса, біз өз орнымызды табамыз.

– «Showdown» соқырлар үстел теннисі федерациясының алдағы бағыты қандай болмақ?

– Ең үлкен арманым – Showdown спортын Қазақстанның барлық өңіріне тарату. Әр қалада клубтар ашып, балалар мен жастарды тартқым келеді. Кейін бұл спорт арқылы халықаралық деңгейде ел намысын қорғауға болатын жүйе қалыптастырсақ деймін. Бірақ мен ешқашан үміт үзбеймін. Өйткені мені алға жетелейтін күш – көру қабілетім емес, көңілдің нұры. Менің бір ғана тілегім бар: көзің көрмесе де, көкірек көзіңді жоғалтпау! Адамның нағыз жарығы – жүрегінде. Егер біз сол жарықты сөндірмесек, өмір ешқашан қараңғы болмайды. Мүмкіндігі шектеулі болса да, өмірге шексіз сеніммен қараған әр жанның ерлігі – тұтас қоғамға үлгі. Сол себепті мен бұл спортты тек ойын немесе жарыс деп емес, өмір мектебі деп қабылдаймын. Мұнда адам өз мүмкіндігін емес, өз күшін сынайды. Showdown арқылы әрбір қатысушы өз бойындағы сенім мен табандылықты оятады. Біз осы жолмен жүріп, ел ішінде бір-бірімізге демеу болсақ, қоғамда мүгедектік емес, мүмкіндіктің мәдениеті қалыптасады.

Қорыта айтқанда, Showdown спортына қолдау керек. Әкімшіліктен алған кеңсені аяқтауымыз керек. Осы спорт түрі арқылы ертеңгі күні талай қазақ баласы әлемдік аренада ел туын желбірететініне сенемін. Сол кезде біз бір нәрсені анық түсіне аламыз. Адамды алға жетелейтін – көз емес, жүректегі от, рухтағы сенім. Ал егер сол сенімді өшірмесек, мүмкін еместің өзі мүмкін болады. Ең бастысы, адам үмітін сөндірмесе өмір ешқашан қараңғы болмайды.

Сұхбаттасқан
Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ

БОЛАШАҒЫ КЕМЕЛ БІЛІМ ОРДАСЫ

Өткен оқу жылында қаламызда 16 «Келешек мектебі» ашылса, жаңа оқу жылында астаналық шәкірттерге тағы да 7 бірдей «Келешек мектебі» есігін айқара ашты.

Айгүл УАЙС

Елорданың 35 мыңға тарта тұрғыны бар ірі тұрғын әрі сәулетті алаптарының бірі – Үркер елді мекеніндегі жалғыз мектеп ұзақ уақыт бойы үш ауысымда жұмыс істеп келген еді. Жуырда ашылған №33 мектеп қаланың «Келешек мектептерінің» көшін бастап, осы мәселені шешуге мүмкіндік берді. Үркерлік оқушылар барлық жағдай жасалған заманауи зәулім мектепте білім алып жүр. Мектепте сапалы білім беру үшін қажеттінің бәрі бар. Заманауи жабдықталған кабинеттер, зертханалар, оқу залы бар кітапхана, телестудия, кең асхана оқушылардың игілігіне берілген.

«Бұл мектеп ашылғанға дейін Үркерде бір ғана үш ауысымды мектеп-гимназия болды. Жаңа мектептің іске қосылуының арқасында үш ауысым мәселесі толық шешілді. Қазіргі таңда мұнда шамамен 3 мың бала оқиды. Олардың басым бөлігі бұрынғы мектептен ауысты, сондай-ақ қалада білім алып жүрген, бірақ орын жетіспегендіктен мектепке қабылданбаған балалар да қайта оралды. Олар жазғы уақытта орналасып үлгерді» деді мектеп директоры Дана Оразалина.

Заман талабына сәйкес мұғалімдердің білігі де оқушылардың білімі мен тәрбиесінде алатын орны ерекше. Дана Оразалина – заманауи менеджмент қағидаттарын енгізіп, жаңа үлгідегі білім беру ұйымдарының басшыларын даярлауға бағытталған «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» бағдарламасының түлегі.

Білім ордасы 2000 орынға есептелген, қазіргі уақытта 1600 бала бір ауысымда оқиды. Соның арқасында оқудан тыс уақытында түрлі шығармашылық және спорттық бағыттағы үйірмелерге қатыса алады. Шығармашылық бағыт домбырашылар ансамблі, қыш өнері, қолданбалы өнер мен телестудия болса, футбол, волейбол, баскетбол, қазақ күресі мен шахмат секциялары



Сұлтан СЕЙІТ

балалардың денсаулығын шыңдауға арналған. Мұнда екі кең спорт залы, төрт киім ауыстыратын бөлме мен душ кабиналары бар. Футбол алаңы, үстел теннисіне арналған орын да қарастырылған. Сондай-ақ мұнда кітап оқу залы, телестудия, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін арнайы кабинеттер жабдықталған.

Жаңа мектеп балалардың тек білім алатын орны ғана емес, емен-жарқын араласып, пікір таластырып, өздерінің барлық қырын танытуға серпін беретін үлкен алаңға айналған. Мектептің ашылуын да тағатсыздана күтіп, қуанышпен қарсы алған ата-аналарының да көңілі жайланды. Жиналыстағы барлық іс-шараға қатысып, балаларының жетістігін бағамдап отырады. Бұл ретте мектепте ашылған «Даналық мектебі» деп аталатын ата-аналарды қолдау орталығының ықпалы зор. Онда ата-аналарға әртүрлі психологиялық көмек көрсетіледі. Қазіргі мектептердің басты проблемасының бірі – ата-аналар қауымдастығымен қарым-қатынастың нашарлығы, мектепке деген сенімсіздік, көпшіліктің мұғалімдерді жаппай айыптауы мәселелері болып отыр. Орталық осы мәселелерді ата-аналармен бірлесе шешуге ұмтылыс жасайды. Оған қоса әр сенбі сайын «Директорлық сағат» деп аталатын қабылдау жүргізіледі. Онда жұмыстан қолы тимейтін, қалада жұмыс істейтін ата-аналарға жеке кеңес беріледі. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны артып келеді. Бұл мектепте мұндай балаларды білім беру процесіне толықтай енгізуге мүмкіндік бар. Қазір инклюзия бойынша 12 бала оқып жүр. Әр балаға арнайы педагог-ассистент бекітілген, екі бала үйден оқиды. Сонымен қатар логопед, психолог, дефектолог мамандар бар, олар кез келген уақытта көмекке келе алады.



Төлен ТІЛЕУБАЙ



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект туралы» Заңға қол қойды. Жасанды интеллект (ЖИ) өміріміздің барлық саласына дендеп еніп келеді. Алайда ЖИ-ді қолданудың шекарасы қай жерге дейін баруы мүмкін және бұл жерде адамзат баласы үшін қандай қауіп бар? Өйткен себебі жаһандық ғалымдар жасанды интеллектіні бақылаусыз қолдануға қатысты алаңдаушылықтарын ашық айта бастады. Расында да, қазір ЖИ-ге Эрнест Хемингуэйдің стилінде жаңа роман жазу қиын іс емес. Я болмаса ЖИ Сальвадор Далидің жаңа бір суретін салуға көп уақыт жұмсамайды. ChatGPT, Aiva және Stable Diffusion бірнеше минуттың ішінде жоғары сапада сурет салып, мәтінге ән жазып береді. Ал бұдан әрі не болады дегенге бас қатырудың өзі қорқынышты тәрізді. Ең қорқынышты нәрсе – бұған дейін бір ғана дана болып, жер-жаһанның жұртын таңғалдырған өнер туындысы (мысалы, Пабло Пикассоның салған суреті делік) жаппай адамзат пайдаланатын өнімге айналады. Жасанды интеллект адам баласының шығармашылық ой-өрісі құндылықтарын жоятын күн тумақ па?! Осы мәселеге біз әлі ойланған жоқпыз.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТЕРІС ЖАҒЫ БАР МА?

Әлбетте, бар. Біз ЖИ туралы заңды енді қабылдадық. Әлі қолданысқа енгізген жоқпыз. Ал өркениетті елдер осыдан 2-3 жыл бұрын, ЖИ мен авторлық құқық мәселесіне ең алдымен назар аударды. Мысал келтірейін. 2023 жылы шілде айында Германиядағы креативтік индустрияның 15 ұйымы «Жасанды интеллектті әділдікпен қолданайық» деген тақырыппен БАҚ-тарда хат жариялады. Сол хатта графика, журналистика, иллюстрация, фотография және өнер сияқты салалардың өкілдері жеткілікті деңгейде мүмкіндіктері болмаған кезде жасанды интеллект эволюциясын қолданудан қорғауды Үкіметтен талап етті.

Ганновер қаласындағы Fundwopt агенттігінің негізін салушы Роберт Экснердің пайымдауынша, ең алдымен авторлық құқық мәселесі күшейтілуі тиіс.

«Өйткені белгілі бір алгоритмдермен жұмыс істейтін ЖИ қабылдаған жүйелер өздігінен мәтін, музыка жазып, фотосурет түсіре алмайды. Мұндай жүйені қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, ЖИ бағдарламасын әзірлеушілер біздің рұқсатымызсыз және ешқандай ақысыз өнімдерімізді пайдаланады. Бұл жердегі ең үлкен мәселе – ЖИ қолданылып жүрген салаларда әзірге ешқандай ережелердің қабылданбағаны. Біз саясаткерлердің 1,8 млн-нан астам адам еңбек ететін шығармашылық сала қызметкерлерінің мүддесіне құлақ асатынына сенімдіміз» деді неміс сарапшысы.

Эрланген-Нюрнберг университетінде ЖИ-дің философиясы және этикасы деген жаңа пәндерді зерттеумен айналысатын философ Винсент Мюллер жасанды интеллектті қолдану зор мәдени өзгерістерге әкеліп соқтыратынын айтады.

«ЖИ-ге қатысты да авторлық құқық мәселесі қолданылады. Өйткені ЖИ жүйелері тек мәліметтерді жинақтап, мәтін құрастырып қана қоймай, одан жаңа бір өнім жасайды. Бірақ бұл өнімнің авторлық құқығын кім иеленеді? Егер де ЖИ-ден біз тегін алған мәлімет пайда әкелсе, онда қоғам үшін бір мәселенің туындайтыны анық. Ондай ақпаратты пайдалану дұрыс па, әлде бұрыс па? Бұл жерде шығармашылық иесінің құқығы қорғала ма? Мәселе осында» дейді ол.

Жасанды интеллекттің тағы бір теріс жағы – барлық шешімдер автоматты түрде қабылданады. Әрине, жолда жүру ережелерін бұзған автокөлік жүргізушісіне айыппұл төлейтін қағазды лезде шығарып беруі құптарлық іс. Алайда басқа жағдайлар да бар. Мысалы, 2024 жылы Еуропалық комиссия тәуекелі жоғары ЖИ жүйелерінің тізімін жасап, оларды қолданатын жағдайда рұқсат алуы керек салаларға қатысты ұсыныс жариялады. Соның ішінде әр адамның биометрикалық деректерін қоғамға ашық таратуға шектеу қою туралы мәселе бар. Винсент Мюллер толыққанды заңнамалық базасыз ЖИ-ды қолдануға болмайды деген пікірде.

«ЖИ адам мен машинаның арасындағы психологиялық қарым-қатынасты өзгертті. Бұрын біз машинаны шектеулі мүмкіндіктері бар нысан деп ойлайтынбыз, оны тек адам басқаратын. Ал қазір машинаның қабілеті артып, оны басқарып отырған адамның өзіне бағынбайтынын көріп отырмыз. Яғни машина бұрынғыдан да көбірек дербестікке ие болуда» деп ойын түйіндеді сарапшы.

НЕЙРОЖЕЛІ ЖАСАҒАН ЖҰМЫСТЫҢ АВТОРЫ КІМ?

Нейрондық желі дегеніміз – компьютердің өз «миымен» ойланып, шешім қабылдауына мүмкіндік беретін технология. Мысалы, қолыңыздағы смартфоныңыздың бет-жүзіңізді танып, ашылуы осы нейрондық желі арқылы жүзеге асады. Қазір «нейрожелілердің шығармашылығы» деген түсінік бар. Наурыз айында әйгілі Christies аукцион үйінде Augmented Intelligence деген атаумен бәссауда өтіп, ЖИ көмегімен жасалған 34 жұмыс жұрт назарына ұсынылды. Сол күні 600 суретші аукционға қарсы петицияға қол қойып, ЖИ-модельдер өздерінің авторлық құқығына нұқсан келтіретінін айтты. Соған қарамастан, аукцион өтіп, ұйымдастырушыларға 738 000 АҚШ доллары көлемінде пайда әкелді. Бұл жерде әйгілі суретшілер, мүсіншілер стилінде жасалған өнімдердің нақты авторы кім деген сауал туындайды. Оның авторы нейрожелі ме, әлде оны жасаған адам ба, я болмаса нейрожеліге осы туындыларды жасап беруге өтініш жазған адам ба? Кез-келген нейрожелінің «оқыту кезеңінен» өтпей, өздігінен сурет салуға қабілеті жете ме? Әлбетте, ол сурет пе, фотосурет пе, бәрібір белгілі бір адамның, яғни шығармашылық иесінің қолынан шыққан зат, өнім. Ендеше, көпшілік жағдайда ол әйтеуір бір мемлекеттің авторлық құқықты қорғау туралы заңымен қорғалады.

«Сонда нейрожеліні толыққанды автор деп санаймыз ба?» деген сауалға шетелдерде де алуан түрлі пікір бар. Олардың көпшілігі ЖИ-ге сурет салуға өтініш айтқан адамды негізгі авторы деп есептейді. Мәселен, Франция мен Германияда ЖИ-жүйесін жасағандарды автор деп тану туралы сұраққа қатысты пікірталастар тоқтамай келеді. 2019 жылы еуропалық заңгерлер Бірыңғай цифрлық нарықтағы авторлық құқық туралы директива қабылдағаны мәлім. Бұл құжат аталған мәселені жартылай болса да реттейді, бірақ оқып үйренуге тек ерікті түрде интернетке жарияланған контентті пайдалануға рұқсат етіледі. Ескеретін жайттың бірі, ЖИ-ге қандай да бір тапсырма берген адамның өзі шығармашылық иесі болса, ол өзінің авторлық құқығын қорғауына құқылы.

Одан әрі әлемдік тәжірибеге үңілетін болсақ, әр елдерде әртүрлі ұстаным қалыптасқан. АҚШ-тың заңнамалық жүйесі нейрожелінің көмегімен жасалған шығармаларға ерекше қатаңдықпен қарайды. Соның дәлелі, 2023 жылы АҚШ-тың Авторлық құқық бойынша Бюросы MidJorney-дің көмегімен жасалған Zarya of the Dawn графикалық романын тіркеуден бас тартты. 2018 жылы бір маймыл түсірген суретке қатысты соттағы процесте авторлық құқық тек адам баласына ғана тиесілі деген шешім шығарылған, бұл шешім де соған негізделді. Құзырлы бюро ЖИ генерациялаған суретті автор өз қолымен түзеткен жағдайда ғана тіркеуге мүмкіндік берілетінін мәлім етті. Жапония мен Қытайда да бұл мәселеге немқұрайды қарамайды. 2022 жылы Жапония Мәдениет министрлігі авторлықты айқындауда әлеуметтік желіні қолданушының шығармашылық үлесінің деңгейін бағалайтын ұсыныстарды жариялады. Ал Қытай 2020 жылы өз заңнамасындағы авторлық құқықты нақтылады. Жергілікті сот ЖИ жасаған контенттің құқықты бұзғаны жөніндегі бір істі қарап, сот қазысы алгоритмнің автор болып табылмайтынын хабарлады. Оны әзірлеген компания жасалған контентке қатысты заңдық мүддесін қорғайды.

> Белгілі бір алгоритмдермен жұмыс істейтін ЖИ қабылдаған жүйелер өздігінен мәтін, музыка жазып, фотосурет түсіре алмайды. Мұндай жүйені қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, ЖИ бағдарламасын әзірлеушілер біздің рұқсатымызсыз және ешқандай ақысыз өнімдерімізді пайдаланады. Бұл жердегі ең үлкен мәселе – ЖИ қолданылып жүрген салаларда әзірге ешқандай ережелердің қабылданбағаны. Біз саясаткерлердің 1,8 млн-нан астам адам еңбек ететін шығармашылық сала қызметкерлерінің мүддесіне құлақ асатынына сенімдіміз

Жоғарыдағы мәліметтерге қарасақ, өркениетті елдер ЖИ-модельдерді қолданысқа үйрету кезінде қолданылатын шығармалардың авторының құқықтарын қорғауға айрықша көңіл бөлетінін көреміз. Тағы бір мысал, New York Times газеті 3 млн-ға жуық мақаласын пайдаланғаны үшін OpenAI мен Microsoft компанияларын сотқа бергені мәлім. Дыбыс жазатын Universal Music Group ән мәтіндерін рұқсатсыз пайдаланды деп Anthropic компаниясын айыптағанын әлемдік БАҚ-тан оқып-білдік. Мұндай мысалдар алдағы уақытта көбейетіні анық.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ

24 қыркүйекте Мәжіліс «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын мақұлдады. Құжатта интеллектуалдық меншік саласындағы құқыққа анықтама берілген. Адамның қатысуынсыз толықтай ЖИ жасаған контент авторлық құқықпен қорғауға алынбайды. Алайда әлеуметтік желіні қолданушылардың шығармашылық тапсырмасы авторлық құқық нысаны болуы мүмкіндігі айтылған. Бұдан бөлек, заң жобасында нейрожелілерді оқыту үшін шығармаларды қолдану егер автор немесе құқық иеленуші бұл құқықты машина оқитындай формада шектемесе, рұқсат етілетіні жазылған.

Бір қынжылларлығы, заң жобасында ЖИ мен авторлық құқыққа қатысты нақтылық жоқ. Ол жерде тек қолданыстағы заңнамаға сілтеме ғана бар. Бірақ ол ЖИ-ді қолдану талаптарына толық жауап бермейді. Заң жобасын әзірлеушілердің бірі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смяшляева авторлық құқыққа қатысты норма әлі әзірлену деңгейінде қалып отырғанын жасырмайды.

«Біздің ұстанымымыз мынадай: бұл жерде шығарманың авторы – алгоритмнің иесі. Авторлық құқықты сол анықтайды. Егер адам нейрожелімен жұмыс істеген кезде өзінің «жанын» салып, әрекет етсе, яғни қандай да бір шығарманы жасауға 50 пайыздан артық күшін жұмсаса, онда сол туындының авторымын деуге толық құқығы бар. Біз бұл құзіретті алгоритмнің иесіне қалдыруды ұйғардық. Оның чатты жасаған адаммен қарым-қатынасы азаматтық құқық негізінде анықталады» деп түсіндірді ол.

Жасанды интеллект шаңсорғыш тәрізді барлық мәліметтерді «сорып» алатын жағдайда не істеуіміз керек? Бұл сауалға Екатерина Смышляева былай жауап берді: «Мұндай жағдайда біз әлемдік тәжірибеге сүйенеміз. Мәселен, ЖИ-ді қолдануға өз құқығын тіркеуден өткізген автор машинасына өз шығармасын алгоритм пайдаланбасын деген белгі қоюы тиіс. Біз осы мәселені жан-жақты талқылап жатырмыз. Егер техникалық тұрғыдан бұл мүмкін болса, нақты шешімге келеміз. Ал мүмкін болмаған жағдайда аталған норманы әрі қарай жетілдіріп, талқылауды жалғастырамыз» дейді депутат.


ЖИ-ді ДАМЫТУҒА ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ҚАНША АҚША БӨЛДІ?

Шынында да, бұл салаға жыл сайын бөлінетін қаражат көлемі көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып барады. Бүгінгі таңда АҚШ, Қытай және Еуропа елдері арасында бәсеке қызып тұр. Жыл басында Еуропалық Одақ жасанды интеллект (ЖИ) индустриясын дамытуға 200 миллиард еуро көлемінде қаржы бөлетінін жария етті. Қытайдағы TikTok-тың иегері ByteDance компаниясы 2025 жылы ЖИ инфрақұрылымына 12 миллиард доллардан астам қаржы жұмсады. Үндістан да бұл бәсекеден қалысар емес, шамамен 240 млн АҚШ долларын бөлді. Ресей Үкіметі биыл ЖИ-ды дамытуға 7,7 млрд рубль жұмсады, бұл көрсеткіш жыл сайын өсе бермек. АҚШ президенті Дональд Трамп сайлаудан кейін іле-шала ЖИ инфрақұрылымын дамытуға арналған 500 миллиард долларлық «Stargate» жобасын жария етті. Жоба жапондармен бірлесіп іске асырылады. Алғашқы 100 миллиард доллардан басталатын қаржы төрт жыл ішінде 500 миллиардқа дейін артады. Қаражат АҚШ-та ірі деректер орталықтарын салуға және технологияны дамытуға бағытталады.

Қазақстанда да бұл үрдістен шет қалған жоқ. Alem AI халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2033 жылға қарай жасанды интеллект нарығының көлемі 5 триллион долларға жетіп, осы сектордың әлемдік технология индустриясындағы үлесі 30 пайызға дейін ұлғаюы мүмкіндігін текке айтқан жоқ. Демек, біз де ЖИ төңкерісінен қалыс қалмай, дамыған елдердің дәл ортасынан ойып орын алуға қарекет қылуға тиіспіз.

№136 (4880) 18/11/2025 Сейсенбі

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ҚАЗЫНАСЫ МОЛ ҚАСҚАБАСОВ

Көрнекті фольклортанушы, Халықаралық фольклортанушылар қоғамының мүшесі, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толды. Осы мерейтой аясында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Фольклортану мен әдебиеттану ғылымы: өзекті мәселелер мен жаңа парадигмалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.



Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен өткен ғылыми жиынға қоғам қайраткерлері, беделді ғалымдар, әдебиеттанушылар, фольклортанушылар, жас зерттеушілер, ұстаздар, студент жастар қатысты. Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның, сондай-ақ облыс әкімдерінің, өңірлік университеттердің құттықтау хаттары оқылғаннан кейін, баяндамашыларға кезек берілді.

Жиналыста ғалымның көпқырлы еңбегі – қазақ ертегілерін жүйелеудегі, жанрларды саралаудағы, мифологиялық танымды зерттеудегі, ұлттық фольклортану мектебін қалыптастырудағы рөлі ерекше атап өтілді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Сауытбек Абдрахманов «Сейіт Қасқабасов фольклортану феномені» тақырыбында баяндама оқып, жылы естеліктер айтса, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бас директоры, ҰҒА академигі Кенжехан Матыжанов «Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама» тақырыбында сөз қозғады. ҚР Президентінің кеңесшісі, белгілі ғалым Бауыржан Омарұлы «Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы» тақырыбында, Ұлттық құрылтай мүшесі, «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры, ҰҒА академигі, Дихан Қамзабекұлы «Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы», Ұлттық құрылтай мүшесі, ҰҒА академигі Кәрімбек Құрманалиев «Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері» тақырыбында ой өрбітсе, Түркияның Эге университеті түрік дүниесін зерттеу институтының профессоры, PhD доктор Метин Екіжи «SEIT A.Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalişmalarina katkilari» атты докладында ғалымның түркі дүниесі фольклорына қосқан үлесін айрықша атап өтті.

Конференция аясында С.А.Қасқабасов еңбектерінің тізімі топтастырылған кітап пен «Академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың ғылыми мектебі» кітабы жарық көрді. Сондай-ақ университеттің әдебиет кафедрасындағы көрнекті әдебиет танушылар галереясына ғалымның портреті ілінді.

Атақты ғалым қыруар еңбектері мен ғылымға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Жамбыл атындағы сыйлықтың, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты атағына ие болған. М.Шолохов және Ұлы Петр атындағы ресейлік медальдармен марапатталған.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағының елорда филиалы өткізіп жатқан «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында белгілі ақын, ғалым Оңайгүл Тұржан «Цифрлы дәуірдің көркем әдебиетке ықпалы» тақырыбында дәріс оқыды. Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылған іс-шарада әдебиеттің бүгіні мен болашағы жайлы ойлар айтылды.

ЦИФРЛЫ ДӘУІРДІҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТКЕ ЫҚПАЛЫ БАР МА?

Дәріске бірқатар қаламгерлер, студенттер, оқырмандармен қатар Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібеков қатысты. Белгілі сәулетші 1992 жылы Елтаңба жобасын Алматыға таныстыруға алып келгенде ең алдымен «Жалын» журналына бас сұққан екен. Сонда бұл жобаны алғаш көргендердің арасында сол уақытта осы журналда қызмет істеген Оңайгүл Тұржан да болды. Ақын өз сөзін өміріндегі осы оқиғадан бастап, дәріс тақырыбы Елтаңба тарихымен байланысты екенін атап өтіп, оның мәнісін тарқатты.

Ақынның пікірінше, Елтаңбада бейнеленген қанатты қос тұлпар елдікті нұсқап тұр. Осы мифтік жылқыларды сәулетшіге классик жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы қосуды ұсынған. Сол сияқты ұлттық әдебиетімізді ұстап тұрған осындай архетиптер. Яғни, дәстүрлі ұстанымдар мен менталитеттік ерекшеліктер.

«Сөзбен айтып түсіндірем десең де дәл мағынасын жеткізуге келмейтін, қолмен ұстап немесе көзбен бағдарлауға де көнбейтін бір әлем бар. Ол – рухани әлем. Елтаңба – сол рухани әлемнің кішірейтілген визуалды түрі. Енді біз қазір сол рухани әлемімізді алаңдатып отырған бұрын-соңды өзіміз көрмеген бір цифрлы дәуірге қадам бастық. Жасанды интеллект жазған көркем шығарма рухани әлемімізге Елтаңбадағы мифтік тұлпар сияқты бағдаршамдық қызмет атқара ала ма? Оның ұлттық көркем әдебиетке ықпалы қандай болады?» деген Оңайгүл Тұржан осы сауалдарға көзқарасын жеткізді.

Оның пікірінше, ЖИ-дің артықшылығы, шығарма жылдам жазылады, кейіпкерлер де шалт қимылдап, шапшаң өмір сүріп, жүрдек пойыздай өте шығады. Сондықтан да олардың оқырманға әсері ұзаққа бармай, тез жалықтырады. ЖИ нәрсіз тамақ сияқты, яғни бойға сіңбей, оқырман содан аз уақыт өткенде жаңға басқа рухани азық іздейді.

«Оны әдебиет деп айтуға бола ма, болмай ма – бұл жағын уақыт көрсетер. Талғамы терең оқырман ЖИ-жазушы мен адам-жазушыны бірден ажырата алады. Тіпті, кім болса да, ЖИ-дің жаттанды тіркестермен баяндалатын оқиғаларынан жалығатын болар. Олай болатыны, ЖИ алгоритмдермен жазады. Яғни, оның бойында талантты қаламгердің шығармашылық тұрғыдан ойлайтындай қасиеті жоқ. Ол қуаныштың немесе қайғы-қасіреттің не екенін жан-дүниесінен өткере алмайды. Сондықтан да ол әдеби-тілдік қордағы бар тіркестерді ғана қолданады. Ал адам-жазушы жаңа тіркестер, жаңаша метафоралармен жазады» деді ақын.

Оның айтуынша,
Су түбінде жатқан тас,
жел толқытса шығады,
Ой түбінде жатқан сөз.

Шер толқытса шығады, – деген Асан қайғы шығармашылықтың формуласын жасап кетті. Бірақ бұл формула ЖИ-ге жұрмейді. Ол үшін ЖИ-ге шер керек, жел керек. Ал ЖИ қанша жерден жазғыш болғанымен, ол идеяны шығара алмайды. Ол адам жазған тіркесті алады.



Яғни, ол да ұрлықтың жаңаша бір формасы болып шығады. Бұл – цифрлы дәуірдегі ұрлықтың бір түрі. Яғни, цифрланған ұрлық. Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбайұлы секілді ерекше дарындарды ЖИ қайталай алмады.

«Дарынды оқырман ЖИ-ді қанағат тұтпайды. Өйткені жасанды интеллект алгоритммен, оқиғалардың бұрыннан белгілі шынжыр сияқты тізбегімен жазады деп ойлаймын. ЖИ шебер стилист болуы мүмкін, бірақ онтологиялық тұрғыдан адамнан асып түсе алмайды. Өйткені адамның миы – Құдай тағаланың өнімі. Оның авторы – Құдай. ЖИ – Құдай емес. Ол тек бұрыннан бар, белгілі идеялармен жұмыс істейді. Яғни, ой мен идеяны басқа әлемнен тартып ала алмайды. Оның тірі әлеммен байланысы жоқ. Ал қаламгер ғарыштық тартылыстармен жұмыс істейді. Сондықтан цифрлы дәуірдің әдебиеті біздің ұлттық рухани әлемімізді қалай алып жүрер екен деген алаңдаушылығымыз бар. Жаңаша жасаймын деп, адами құндылықтарды ақырзамандық ұстанымдар жеңіп кетіп, одан сусындаған цифрогенді ұрпақтың алдынан қырық түрлі қадам шығып, аяғын қалай басарын білмей, рухтың шатасуы басталып кетпей ме екен деген алаңдаушылығымыз бар» дейді Оңайгүл Тұржан.

Ол ЖИ қаламгерді көптеген қара жұмыстан құтқаратынын айта келе, бірақ соған қарамастан шын жазушының шығармасына болашақта ЖИ-дің жазғанына қарағанда сұраныс көп болатынын жеткізді.

«Қазір кітапхана сөресінде «ЖИ жазған кітаптар» деген бір сөре тұрса, оқырман соған ерекше қызығушылық танытуы мүмкін. Өйткені бұл – жаңа. Ал 15 жылдан кейін керісінше болады. «Адам жазған кітаптар» деген сөре болады. Бірақ ол жерде кітаптар өте аз болады. Бағасы өте қымбат болады. «Адам-Жазушы жазған» деген сияқты арнайы белгісі бар, бағасы әлдеқайда қымбат кітаптар пайда болып, ондай кітаптарды қолы жеткендер ғана оқиды. Негізі қаламгерлердің бәрі де біледі, жазу үдерісінің өзі шын қаламгерге керемет рахат сезімін сыйлайды. Ал ондай сезімді бастан кешірмесе, қаламгердің туындысы да сапалы болып шықпайды» деді Оңайгүл Тұржан.

Ақын шетелдік бір сайт қаламгерлер арасында сауалнама жүргізгенін айтты. Сол сауалнамаға 1200-ден астам қаламгер қатысып, олардың 40 пайызға жуығы «ЖИ-ді қолданамыз» десе, 50 пайыздан астамы «Жоқ» деп жауап беріпті. Кейінгілер оның көзін жою керектігін, оны жөндеуге адам-редактор қажеттігін айтқан.

Ақынның пайымынша, ЖИ-дің болашағы дегенде, автордың өзі ЖИ-ді жартылай қолданып жазғанда гибридті әдебиет пайда болады. ЖИ-оқырман деген де шығады. Бірақ ол ЖИ жазған емес, адам жазған кітапты оқиды. Себебі оған тың дүниелер қажет болып, адамдарға қызмет көрсетуінің ауқымын кеңейту үшін жаңа идеялар керек болады. Ол белгілі бір қаламгердің кітабыңызды сатып алады. ЖИ қанша көп кітап алса, сол автор танымал және бай болады.

«ЖИ-оқырман адам жазған кітапты да 2-3 минуттың ішінде оқып тастап, 1-2 минутта пікірін айтып, тіпті рецензия жазып тастайтын болады. Қаламгер кітабы ұнаса, оны басқа оқырмандарға және басқа да ЖИ-оқырмандарға насихаттайды» деді Оңайгүл Тұржан.

Дәрісті тыңдағандар арасында Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков, журналист, жазушы Шархан Қазығұл, ақындар Қабиден Қуанышбай мен Арман Шеризат, жас ғалым Дана Өмірбекқызы пікірлерін айтып, сұрақтарды қойды. Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының директоры, белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлы «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында бұл тоғызыншы дәріс болғанын, енді үш дәріс қалғанын жеткізді. Оқырмандар ақыннан өлең сұрады.

ПАРАСАТ БИІГІНДЕ

Таяуда Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында «Еңбек адамы» атты сырласу кеші өтті. Бұл жолы жиналған жұрт еларалық, қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени, рухани-танымдық «Әлем қазақтары» басылымымен танысты. Журналдың кезекті шығарылымында жұртшылыққа жақсы таныс көрнекті қоғам қайраткері Өмірзақ Озғанбайұлының өнегелі өмір жолы баяндалады. Оған себеп – мемлекет қайраткері, тарих ғылымының докторы, академик, профессор Өмірзақ Озғанбайұлының шығармашылық кеші.



Сырласу кешін жүргізіп отырған модератор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әкім Ысқақ ақындық әсермен, тілдің ғажап тіркестерімен қисынын тауып, қиыстырып, Өмірзақ Озғанбайұлының өмір жолы мен атқарған күрделі қызметтерін жиналған ардагер қауымға тебірене жеткізді. Еліне кеңінен танылған азаматтың парасаттылығы мен адалдығы туралы аз айтылмады.

Халық танитын қайраткердің бірқалыпты биязы мінезі қашанда жұрт көңілінен шыққанын ешкім жасыра алмады. «Әлемдегі ең керемет адам – көркем мінезді адам» деп бекер айтылмаса керек. Басқаша айтсақ, көркем мінез деген – адамның адамгершілігі. Адалдығынан айнымаған адам қандай жұмыста жүрсе де, қандай ортада болса да өз қадір-қасиетінен айырылмайды, қадірін кетірмейді, сабырын жоғалтпайды. Осындай мінезінің арқасында Өмірзақ Озғанбайұлы – парасат мінбесінен түспей келе жатқан тұлға.

Мазмұнды кеште алғашқы сөз Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есіловке берілді. Қала ардагерлерінің басшысы «Әлем қазақтары» баспасының шет жерлерде тұрып жатқан миллиондаған қазаққа, олардың өсіп келе жатқан жас ұрпақтарына еліміздің жетістігін, мәдениетін жеткізіп отырғанына және осы журналдың бір саны қадірлі азамат Өмірзақ Озғанбайұлына арналғанына ризашылығын білдірді. Бұдан кейін жүрек жылуын жеткізген – шығармалары бірнеше тілге аударылған жазушы, жақында ғана жарық көрген «Қан кешкен ханзадалар» атты кітаптың авторы Жәди Шакенұлы. Ол кезінде шеттен келген қазақтарды бауырына басқан адамның бірі Өмірзақ Озғанбайұлы екенін айтып өтті.

Жиналған көпшілік кештің кейіпкеріне, емен-жарқын жүздесуді ұйымдастырған жандарға, арнайы келіп домбыра шертіп, ән салған таныстарына дән риза көңіл күймен, ерекше сезіммен тарасты.

Баянды ӘЛПИ,
Алматы ауданы
Ардагерлер кеңесі
медиатобының мүшесі





ӘДЕМІ ҚАРТТЫҚ КЕПІЛІ

Жақында Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры қызметіне Серік ҚАРАБАТЫРОВ тағайындалды. Мекеме басшысымен орталық жұмысы туралы сұхбаттастық.



– Серік Жолаушыұлы, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының негізгі мақсаты қандай? Жұмыстың басты бағыттарына тоқталып өтсеңіз.

– Орталығымыздың басты мақсаты – егде жастағы азаматтардың бос уақытын тиімді өткізуіне және олардың мәдени демалысын ұйымдастыруға жағдай жасау.

Біздің орталықта зейнеткерлер үшін спорттық-сауықтыру үйірмелері, тіл үйрену және компьютерлік сауаттылық курстары, эмоциялық жеңілдікке арналған сенсорлық бөлме мен физиотерапиялық релаксация кабинеттері жұмыс істейді. Сонымен қатар құқықтық және қаржылық сауаттылық бойынша пайдалы дәрістер өткізіліп, шығармашылықпен айналысуға барлық мүмкіндік қарастырылған.

Қазіргі уақытта орталықта 25 түрлі бағыт бойынша үйірмелер мен секциялар тұрақты түрде жұмыс істейді. Бүгінде елорда бойынша 17 мыңнан астам зейнеткер орталықтың қызметін тұрақты түрде пайдаланып келеді. 2025 жылдың басынан бері 4090 зейнеткер орталыққа тіркеліп, қызмет ала бастады.

Зейнеткерлердің жас ерекшелігіне тоқталсақ: 70 жасқа дейін – 10598 адам, 70 пен 80 жас аралығында – 6281 адам, ал 80 жастан жоғары 647 зейнеткер тіркелген.

2025 жылдың өзінде орталық 13721 зейнеткерге 444216-дан астам әлеуметтік қызмет көрсетті. Қазіргі таңда күн сайын орталықтың 6 аудандық бөлімшесіне 2500-ден астам адам келіп, белсенді өмір салтын жалғастыруда.

– Орталықтағы клуб жұмысы туралы айтып өтсеңіз. Зейнеткерлер қандай бағыттарға көбірек қызығушылық танытады?

– Әлеуметтік қызметтермен қатар, клуб жұмыстары да бізде жақсы жолға қойылған. Зейнеткерлер өз қызығушылығына қарай 25-тен астам түрлі клубқа қатыса алады. Атап айтсақ: «Атадан балаға аманат», «Зияткерлік ойындар», «Speaking English», «Оқу және поэзия клубы», «Күміс еріктілер», «Хор және вокал», «Волейбол», «Үстел теннисі», «Гитарада ойнау», «Домбыра үйрену», «Домбыра оркестрі», «Караоке», «Кілем тоқу», «Ұршық иіру», «Салауатты өмір салты», «Компьютерлік сауаттылық», «Тіл шаңырағы», «Әжелер 80+», «Киім үлгілерін көрсету» және тағы басқа клубтар бар. Сондай-ақ сауықтыру бағытында цигун, кунг-фу және би секілді қозғалыс белсенділігін арттыратын клубтар жұмыс істейді.

> 2025 жылдың өзінде орталық 13721 зейнеткерге 444216-дан астам әлеуметтік қызмет көрсетті. Қазіргі таңда күн сайын орталықтың 6 аудандық бөлімшесіне 2500-ден астам адам келіп, белсенді өмір салтын жалғастыруда

Орталықтың барлық аудандық бөлімшелерінде ең белсенді қатысушылар – әйел зейнеткерлер. Әсіресе қолөнермен айналысуға қызығушылық жоғары. Мысалы, еңбек терапиясына – 733 адам, тігін әліппесіне – 248 адам, арт-терапияға – 734 адам, ал құм терапиясына 248 адам қатысқан.

Астана қаласының зейнеткерлерін Белсенді ұзақ өмір сүру орталығындағы тегін үйірмелер мен секцияларға белсенді қатысуға шақырамыз. Салауатты өмір салтын ұстанып, зейнет жасында да белсенді болайық!



Сұхбаттасқан
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ЖАСТАР НЕГЕ ЕСЕЙМЕЙДІ?

Адамзаттың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп адамға алдымен білім емес, іздене білетін, алған білімін іске асыратын тәрбие керек екенін ескерткен. «Тәрбие – тал бесіктен» дейтін халқымыз нені айтты екен деп таңғалмаймыз. Тәрбиенің негізгі мақсаты – адам баласы өзінің қимыл-әрекетімен шектен шықпай, үйлесімді ғұмыр кешуі үшін ізгі қасиеттерді дамыту.

Айгүл УАЙС

Жақында зейнет жасындағы медицина саласының қызметкерімен сөйлесіп қалдым. Жаңадан оқу бітіріп келген жас мамандардың арасында ізденіп еңбек етуге деген құштарлықтың жоғын, жетектемесең жүрмейтіндері бар дегенде тәрбиесіз келген білімнің кесірі-ау деген ойға келдім. Қазіргі жастардың көп нәрсеге шығармашылық тұрғыдан қарай алмайтыны рас, қолына түскен тасты алтынға айналдырмайтынын айтып налымай-ақ қоялық. Өзі өмір сүретін ортаның бір кірпіші болып қаланудың жолдарын түсінбеген, ынтасыз, жалқау, қимылы сылбыр жастың болашағы не болатыны беймәлім. Бүгінде осындай ата сақалы аузына түссе де әлі есеймеген, жан-жағына сүлесоқ қарайтын енжар жастардың толқыны басып келеді. Олардың үлкен өмірге қабілетсіздігі, білуге деген құмарлығының жоғы қорқытады. Жауапкершілікті алғысы келмейтіндер өмірдің ағынына қарсы жүрмей, қалтарыста бұғып қалуға тырысады. Бүгінгі зейнетке шыққандардың орнына лайықты ізбасарларының табылуы қиын болуы сондықтан. Бұл үдеріс әсіресе қоғамның толыққанды мүшесі болғысы келмейтін қазіргі жастар үшін өзекті. Үміт артқан көзіміздің нұры – болашақ жастардың әлеуметтік белсенділігінің төмендігі қоғамдағы бірқатар институционалдық проблемаға алып келуде. Соның бірі – отбасындағы ажырасудың тоқтамауы. Мұндай үдерісті назарға алып, тереңнен зерттеп, жоғары оқу орындарының қызметін қайта қарауға негіз бар.

Жастардың жігерсіздігіне кейде ата-аналардың «ерекше» қамқорлығы кесірін тигізеді. Басына үй, астына машина сатып алып беріп, екі қолын бос қойған бала өз бетінше талаптанып, алға ұмтылмайды. Өмірдің күрмеуін шешуге деген құлшынысы жоқ, өзінше ізденіп, тұлға ретінде дамуға ынтасыз жастың асыл мұратының болмауы бізді ойландыруы тиіс. Түнімен смартфонға үңіліп, ерік берсе түске дейін ұйықтап, ішіп-жеуді ғана білетін, өзімшіл, жауапсыздар кімге тұлға болады?

Тұлға дегеннен шығады, бұрын әр ортаның өз тұлғасы болатын, соған қарап өсетін едік. Өзіміз өмір сүрген ортаның өзіндік ережелері, өмір сүру стандарты біркелкі болатын. Мұның өзі үлкен өмірге икемделуге жақсы әсерін тигізетін. Қазіргі әлем сан түрлі, мың сипатты. Әркімнің өзінің моралі бар, азғындық ақталады. Бұл да жастардың жақсы мен жасықты таңдай алмауына ықпал етуде. Күндердің күнінде жастардың өз жолын таңдай алмай, бұрыс басуы өзін-өзі жоюына әкеледі. Бір жағынан мына қилы заман жастың өз бетінше өмір сүруіне кедергісін келтіруде. Соны ойлаған ата-анасы ұлын ұядан ұшыруға асықпайды. Жастар да жайлы өмірге тез үйреніп, өздігінше бөлек етуден қорқады. Нақты тірліктен қашып, қияли әлемге бой ұрып, сол әлемнен шығысы жоқ. Цифрлық технологиялар әлемі, компьютерлік ойын іздегенге табылып тұр. Қоғамда, жеке басында болып жатқан нәрсені ой елегінен өткізіп, өзінің осы жүрген жүрісіне сыни көзбен қарауға қауқарсыз. Ыңғайы келсе, уайым-қайғысыз, мәңгі жас болып қалғысы бар.

Астана қаласы әкімдігі «Біріккен мұражайлар дирекциясының» ұйымдастыруымен Сәкен Сейфуллин мұражайының аумағында «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік өтті.

МҰРАЖАЙ МАҢЫНДАҒЫ СЕНБІЛІК

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұражай – тек тарих пен мәдениеттің сақтаушысы ғана емес, сонымен бірге қоғамға экологиялық ой қалыптастыратын орталықтың бірі. Сол себепті сенбілік мұражай маңайын абаттандырып қана қоймай, елордалықтардың табиғатты таза ұстауға деген көзқарасын жақсартуды мақсат етті. Мұражай маңын тазалауға қала тұрғындары, музей қызметкерлері және еріктілер жиналды. Олар ғимарат айналасын тазалап, аумақты көркейтуге атсалысты. Акция қоғамның экологиялық мәдениетін көтеруге және қала экожүйесіне үлес қосуға бағытталды.



№136 (4880) 18/11/2025 Сейсенбі



«ШАМШЫРАҚТАН» – «ШАҢЫРАҚҚА»

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Шаңырақ» әуесқой театры сахналарды бағындырып жүр. Бүгінгі таңда бұл театр «Халықтық» атағына ұсынылды.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ



«Шаңырақтың» тарихы 2009 жылы Еуразия ұлттық университетінде басталды. Сол жылы филология факультетінде ұйым ретінде «Шамшырақ» деп аталып құрылды. Бұл кезде тек 5-7 студент қана жиналып, болашақ өнер ұжымының алғашқы қадамдарын жасады.

2011 жылы екі жылдық тәжірибеден соң, 1 желтоқсанда «Шаңырақ» театры ресми түрде өз жұмысын бастады. Сол кезден бері ұжым ешқашан тоқтамады, өз шығармашылығын дамытып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келеді. Бастапқы құрам аз болса да, жылдар өте келе театрға студенттер ағыны артып, қазір шамамен 50 мүше бар. Құрамда тек 1-4 курс студенттері бар. Университетте өнер факультеті жоқ, сондықтан әртүрлі бағыттағы студенттер бірігіп, сахнаға деген махаббатпен жұмыс істейді. Түлектер саны бүгінде 100-ден асқан.

«Шаңырақ» – әуесқой театр. Жалақы жоқ, мемлекеттен қаржылай қолдау аз, бірақ махаббат пен ынта жеткілікті. Театрдағы әрбір студент үшін сахна – тек өнер емес, өмір мектебі. Олар физикалық дайындықтан өтеді, сахна қозғалысын, сценалық тіл мен қимылды меңгереді. Теориялық сабақтар мен практиканы үйлестіріп, студенттер сахнада өздерін еркін ұстап, көрерменге шынайы эмоция жеткізуді үйренеді.

Әр спектакльге дайындық кем дегенде 1,5-2 ай алады. Пьесаны таңдау, оны дамыту, декорация мен реквизиттерді жинау – бәрі ұжым мен түлектердің өз қалтасынан шығады. Бір ғана дубль, сахнада қателікке орын жоқ.

«Шаңырақ» театрының репертуары ерекше кең. Қойылымдар тарихи драмалардан бастап, мелодрамалар, комедиялар, мюзиклдерге дейін созылады. Жылына 9-дан астам спектакльді 25 рет қояды. Көрермен әр спектакльде жаңа эмоция мен әсер алады. Театрдың басты ұраны – «Актер болу басты мақсат емес, адам болу маңызды».

2018 жылдан бастап «Шаңырақ» халықаралық сахнаға шықты. Ресейдің Сочи қаласында қазақ классикалық қойылымы «Қыз Жібек» спектаклімен гран-при жеңіп алды. Бұл – театр үшін үлкен жетістік пен ұлы армандарға жол ашқан бастау болды. Кейін Мәскеуде өткен «ТТТ» Театр – Творчество Талант байқауында I орын, 2019 жылы Бакуде «Каспий бризі» театр фестивалінде I орын, 2021 жылы Бельгиядағы «Open Belgium» өнер фестивалінде I орын, 2022 жылы Дубайдағы «Dubai musical festival» өнер фестивалінде гран-при, 2023 жылы Испанияның Барселона қаласында «Sea Sun» өнер фестивалінде I орын, 2025 жылы БАӘ, Дубай «Dubai Grand Festival» өнер байқауында гран-при жеңіп алды.

Театрдың басты құндылығы – адамгершілік пен тәрбие. Студенттерге тек сахна өнерін үйретпей, үлкен өмірге бағыт-бағдар береді.

«Біз үшін актер болу басты мақсат емес, басты мақсат – адам болу. Әрбір студентті сахнаға ғана емес, үлкен өмірге дайындауға тырысамыз. Құрамдағы әуесқой актерлардың барлығы – бір отбасының мүшелері. Біздің мұндағы басты қағидамыз – өнермен бірге тәрбие беру» дейді театр режиссері Бағдат Әшім.

Бірнеше жылдан бері күтіп келе жатқан «Халықтық» атаққа ұсынылу – ұжым үшін тарихи сәт. Бұл – атақ тек марапат емес, халық алдындағы жауапкершілік пен сенімнің белгісі.

Бүгінгі таңда «Шаңырақ» – 14 жылдық тарихын артқа қалдырған. Әуесқой бола тұра көпшілікке қызмет етіп келе жатқан театр. Мемлекеттен қаржы алмай, тек махаббат пен жігерге сүйене отырып театрдың тарихын жазып келеді. «Шаңырақ» театры «Халықтық» атағына әбден лайық.

«Келешекте театрымыздың әлеуеті өсіп, мемлекет қаржыландыратын үлкен ұжымға айналуды қалаймыз. Кешегі армандарымыз мақсатқа, ал мақсаттарымыз шындыққа айналып келе жатыр. Сондықтан, біздің ұлы армандарымыздың бірі «Халықтық» атақ» дейді театр режиссері Бағдат Әшім.

Әрбір спектакль, әрбір студенттің әрекеті, әрбір жеңіс – театрдың халық алдындағы орнының дәлелі. Сондықтан да, «Шаңырақ» сахнада ғана емес, өмірде де жарық сәуле шаша берсін.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Астанада классикалық шахматтан өткен қалалық балалар чемпионатының жабылу рәсімі және жеңімпаздарды марапаттау шарасы өтті.



Іс-шара New Generation School базасында өтті. Жарысқа 8 бен 18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер қатысты. Турнир жеті турдан тұрды, онда қатысушылар дайындық деңгейінің жоғары екенін, стратегиялық ойлауын және шыдамдылықтарын көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша түрлі жас санаттарында ұлдар мен қыздар арасында 36 жүлдегер анықталды. Бірінші және екінші орын алғандар Астана шахмат федерациясының құрамына автоматты түрде кіріп, Қазақстан чемпионатына қатысу құқығын алды.

«Бұл маңызды турнир: біз жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтаймыз, сондай-ақ Қазақстан чемпионатына жарнасыз қатысуға жолдама алатын алты үздік қатысушыны іріктейміз. Турнирдің бірегейлігі – оның жас шахматшының карьерасындағы алғашқы кәсіби бастамасы болуы. Бұл – әуесқойлықтан кәсібилікке өтудегі маңызды кезең. Мұндай турнир үлкен шахматқа жол ашады» деді Турнирдің аға жаттықтырушысы әрі ұйымдастырушысы Бақтияр Нұғыманов.

АБАЙ ӘНДЕРІ ӘУЕЛЕДІ

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы аясында кеш өтті. Сахнада бұрын-соңды орындалмаған Абай туындыларының тұңғыш рет шырқалуы – кештің басты ерекшелігі. Ақынның өз заманында ұлт рухын оятқан сөздері бұл жолы музыка арқылы қайта шырқалды. Абай мұрасы бір ғана ғасырдың емес, келешектің мұрасы екенін сахна тағы да дәлелдеді.



Шығармашылық кеште «Желсіз түнде жарық ай», «Көк тұман алдындағы келер заман», «Татьянаның хаты», «Қоңыр жел», «Кіші айдай», «Ақтолқын» секілді халыққа етене таныс туындылар жаңаша леппен орындалды. Кештің көркін «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының майталман өнерпаздары келтірді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Жанғали Жүзбайдың домбырасы, Құмарбек Қалқатайдың қыл шегінің күмбірі, Ерболат Шалдыбеков пен Айгүл Елшібаеваның дауыс диапазоны кештің өзегін толтыра түсті. Сонымен қатар Медет Салықов, Клара Төленбаева, Ерлан Рысқали, Толғанбай Сембаев сынды сахна саңлақтары өнер биігін паш етті.

Бұл кеш Абайдың әні ғана емес, оның әлемін сезіну, сол әлемнің ішіне еніп, әрбір әуен арқылы ойға, байыпқа, тереңдікке бойлау болды. Қазақ руханиятының биік шыңы саналатын Абай мұрасы заманауи сахнада тағы да жаңғырып, бүгінгі ұрпаққа жан-жақты жетті.

ЖИ ЖАСАҒАН «ЖЫЛЫ МҰҢ»

Астана қаласы әкімдігінің «Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры жаңа үлгідегі «Жылы мұң» қойылымының премьерасын өткізді.



Ерекшелігі – спектакльдің сценографиясы, костюмдік шешімі, музыкалық және көркемдік элементтері толықтай жасанды интеллекттің көмегімен әзірленіп, Қазақстан театр кеңістігінде тың форматтағы алғашқы тәжірибеге айналды.

«Жылы мұң» драмасы – 2000-жылдардың атмосферасын беретін, нашақорлықтың адам тағдырына, отбасыға түсіретін қасіретін терең психологиялық деңгейде ашатын әлеуметтік қойылым. Спектакльдің негізгі желісінде ана мен бала арасындағы нәзік те күрделі байланыс, өмірдің жарық пен көлеңкелі сәттерінің ішкі арпалысы суреттеледі.

Бұл туынды жеке адамның трагедиясы ғана емес, тұтас отбасының күйреуіне әкелетін нашақорлықтың қауіпті салдарын көрсетуге бағытталған. Қойылымның режиссері және авторы – Нұржігіт Муслимов.

Премьераны көрермен жылы қабылдап, жасанды интеллекттің сахна тіліндегі жаңалығы өнер саласына жаңа тыныс әкелгенін атап өтті.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 136
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА